

Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2014 жылдың қаңтарынан наурызына дейін Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында тіркеуді және медициналық куәландыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің 2013 жылғы 9 желтоқсандағы N 64 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 желтоқсанда N 2454 болып тіркелді

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің аппараты 30.06.2014 N 8.1.5-2/486 хаты).

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16-бабына, «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу Қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасының тіркелу жылы он жеті жасқа толатын ер азаматтарын «Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2014 жылдың қаңтарынан наурызына дейін тіркеу және медициналық куәландыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің басшылық ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндеттерін атқарушы К Е Л І С І Л Д І : Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесінің бастығы	3. Қ.	Мәкенов Ысқақов
2013 жылдың 4 желтоқсаны		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК